



ШҚО. Семей қаласы. Б.Момышұлы көшесі, 21 үй. Әділет мин-де тіркелген күні - 2005.03.02  
Куәлік № 17849-1917-00

Семей қаласы

№ 10 «14» тамыз 2021 жыл

Кімнен: «Салауат» Шығыс Қазақстан  
облыстық жастар қоғамдық бірлестігі

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### *Құрметті әріптестер!*

ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік грантының ««Тарих ақтандақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жобасы» аясында «Салауат» Шығыс Қазақстан облыстық жастар қоғамдық бірлестігінің ұйыдастыруымен «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» тақырыбында ЖОО студенттерінің арасында Республикалық онлайн ғылыми жобалар байқауы өтетіндігін хабарлайды.

**Байқаудың мақсаты:** Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын зерттеу және олардың рухани мұрасын қазіргі Қазақстан қоғамын жаңғырту контекстінде насихаттау.

Онлайн ғылыми жобалар байқауына аталған тақырып бойынша зерттеулермен айналысып жүрген Қазақстан Республикасының ЖОО-ның студенттері қатыса алады.

Байқау 16.10.2021 сағат 09:00 де (Нұр-Сұлтан уақыты) ZOOM платформасында өткізіледі.

Байқау жұмыстары қазақ тілінде қабылданады.

Ғылыми жобалар байқауы үш бағыт бойынша өткізілетін екі кезеңнен тұрады.

Байқау келесі **тақырыптық бағыттар** бойынша өткізіледі:

1. Қазақстанның әр өңіріндегі саяси қуғын-сүргінге ұшыраған белгісіз тұлғалар.
2. 1929-1931 жылдары кеңестік саясатқа қарсы бағытталған көтерілістер.
3. 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылықтың өңірлік сипаттары.

**1-ші кезең:** жазбаша жұмыстарды сырттай іріктеу. Байқау жұмыстары 2021 жылдың **1 қазанына** дейін қабылданады. Ұсынылатын жұмыстардың көлемі 12 беттен аспауы тиіс.

Жұмыстарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, байқаудың арнайы қазылар алқасы бір аптаның ішінде түскен материалдардың саны мен сапасына орай үміткерлерді іріктеп алады, олар екінші, бетпе-бет кездесетін пікірсайыс кезеңіне қатысуға шақырылады.

**2 кезең:** 1-інші кезеңнен өткен қатысушылар 16.10.2021 күні ZOOM платформасында өтетін байқаудың екінші кезеңде бақтарын сынайды. Бетпе-бет кездесетін пікірсайыстар барысында үміткерлер өзінің байқау жұмысын қорғайды, одан кейін сұрақтарға жауап береді, басқа баяндамаларды талқылауға қатысады. Пікірталастар қорытындылары бойынша жеңімпаздар анықталып арнайы жүлде қоры бекіліген I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

**Байқаудың жалпы жүлде қоры 480 000 теңге.**

Бірінші орын – **200 000 (екі жүз мың)** теңге;

Екінші орын – **150 000 (жүз елу мың)** теңге;

Үшінші орын – **130 000 (жүз отыз мың)** теңге.

### **Байқау шарттары:**

1. Жұмыс бір адамның (жеке үміткердің) атынан және өзі көрсеткен номинация бойынша ұсынылады;
2. Плагиатқа (басқа авторлардың дайын жұмыстарын көшіріп ұсынуға) жол берілмейді;
3. Шығарма бастақырыбының оның мазмұнына сәйкес келгені және тапқыр да жинақы қойылғаны мақұлданады;
4. Жұмыста сілтеме жасалған дереккөздер дәл, нақты және шынайы болуы қажет;
5. Талапқа сай безендірілмеген және мерзімінен кеш жолданған жұмыстар қабылданбайды.

### **Ғылыми жобаны рәсімдеу талаптары:**

Жұмыс 8-12 беттер көлемінде болуы тиіс. Мәтін 14 өлшемді Times New Roman қарпімен теріледі; жоларалық интервал – 1; абзац шегінісі – 1,25 см; беттің оң жағынан – 3 см, үстіңгі және астыңғы жағынан – 2 см, сол жағынан 1,5 см кеңістік қалдырылады.

Қатысуға өтініш беру үшін мына сілтеме арқылы өтіп <https://forms.gle/N6RYVvDGVVhazomD9>, өтінішті толтырыңыз және жазбаша жұмыстарыңызды жүктеңіз. Іріктеу кезеңінің жұмыстары 01.10.2021 күніне дейін қабылданады.

**Байланыс ақпараттары:**

Қазақстан, 071400, Семей қ., Б.Момышұлы көшесі, 21

E-mail: [gylym.salauat@gmail.com](mailto:gylym.salauat@gmail.com)

**Байланыс телефондары:**

Қайрат Динара: +7 778 935 0629

Нұржанова Айгерім: +7 778 321 1152

Атқарушы Директоры



Каирбекулы Айдын

Толтырған күні: "14" тамыз 2021 жыл

Орындаушы: Серікқалиев Б.М. +7 776 995 0299